



Инженерлік-  
технологиялық хаб  
[E-Tech Hub]



## «E-Tech Hub StartUp Digital Bridge» Инновациялық идеялар және Startup жобалар байқауы

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің E-Tech Hub бастаушы кәсіпкерлер мен жас жаңашыл-ғалымдар арасында инновациялық идеялар мен стартап жобалар байқауын жариялайды.

### Байқаудың Мақсаттары:

- Дарынды студент жастарды және жас жаңашыл ғалымдарды анықтау және қолдау;
- Перспективалық зерттеулер мен әзірлемелер үшін ұйымдастырушылық жағдайлар жасау;
- Университет студенттерінің, магистранттарының, PhD докторанттарының, жас жаңашыл ғалымдардың инновациялық және ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру және насихаттау.

### Байқау 2 кезеңде өткізіледі:

#### 1. Бірінші кезең – тіркеу

Өтінімдерді қабылдау мерзімі 2025 жылғы 25 қараша, сағат 09:00-ден 17:00-ге дейін. Әрбір жоба бойынша өтінімдер (*1-Қосымша*) белгіленген нысанға сәйкес электрондық жеткізгіште (қазақ немесе орыс тілдерінде) мына мекенжай бойынша беріледі:

Шымкент қ., "Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті" мекемесі, Төле би к-сі 32, 302А кабинеті (А корпусы) немесе e-mail: [assaubay.arman@mail.ru](mailto:assaubay.arman@mail.ru)  
байланыс тұлғасы: Асаубай Арман Маратұлы

#### 2. Екінші кезең – жобаларды қорғау

II кезең 2025 жылғы 27 қараша, сағат 09:00-ден 15:00-ге дейін академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің базасында (7 қабатты корпуста орналасқан IT Hub-та) өткізіледі.

Жобаларды таныстыру барысында мыналарды ашу қажет:

- Жобаның мақсаты мен міндеті;
- Іске асырудың негізгі кезеңдері, жобаның күтілетін нәтижелері (нақты инновациялық өнім);
- Жобаның жаңашылдығы;
- Бизнес компоненті;
- Бәсекелестер.

Конкурс студенттерге, магистранттарға, PhD докторанттарға, жас жаңашыл ғалымдарға өтінім қаралған күні.

Қатысушы конкурсқа өз атынан бірнеше жобаны ұсына алады.

Конкурс шарттарына сәйкес келмейтін немесе белгіленген мерзімнен кейін ұсынылған өтінімдер қарауға қабылданбайды және конкурсқа қатыспайды. Конкурсқа жіберілген материалдар қайтарылмайды.

Конкурстың барлық қатысушыларына қатысу туралы сертификаттар мен құнды ұсынымдар беріледі. Байқау жеңімпаздары E-Tech Hub резиденттері болады және әртүрлі IT іс-шараларға қатысу мүмкіндігіне ие болады.

**«E-Tech Hub StartUp Digital Bridge»  
инновациялық идеялар және Startup жобалар байқауына қатысуға  
ӨТІНІМ**

<b>1.</b>	<b>Жоба туралы жалпы мәліметтер</b>	
1.1	Жобаның атауы	
1.2	Жоба авторы (Куәлігі бойынша толық аты-жөні)	
1.3	Жоба жетекшісі (Куәлігі бойынша толық аты-жөні)	
1.4	Команданың атауы (егер командалық жоба болса)	
1.5	Команда қатысушыларының аты-жөні (3-5 адам)	
1.6	Жұмыс /оқу орны	
1.7	Лауазымы /студент /магистрант /докторант /оқытушы	
1.8	Факультет / кафедра / бөлім	
1.9	Жасы	
1.10	Телефон (WhatsApp)	
1.11	e-mail	
1.12	Түйінді сөздер (10-нан аспайды)	
<b>2.</b>	<b>Жобаның ғылыми-техникалық сипаттамасы</b>	
2.1	Идеяның жаңалығын негіздей отырып, жобаның қысқаша сипаттамасы (2 беттен аспайды)	
	1. Өзектілігі 2. Мәселе 3. Инновация 4. Күтілетін нәтижелер /алынған нәтижелер	
2.2	Даму кезеңі	
2.3	Аналогтармен салыстыру	
<b>3.</b>	<b>Жобаның коммерциялануы</b>	
3.1	Әлеуетті тұтынушылар	
3.2	Бәсекелестік артықшылықтар	
<b>4</b>	<b>Шығындар сметасы (жобаға қанша қаржыландыру қажет)</b>	

Жоба жетекшісі \_\_\_\_\_ (ТАӨ) \_\_\_\_\_ (КОЛЫ)

Жоба орындаушысы \_\_\_\_\_ (ТАӨ) \_\_\_\_\_ (КОЛЫ)